



Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады



№24 (1409)  
8 шілде  
2011 жыл

# ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

ҚР Президенті Н. Назарбаевтың «XXI ғасырдағы орнықты дамудың жаһандық энергэкологиялық стратегиясы» («Глобальная энергэкологическая стратегия устойчивого развития в XXI веке») атты жаңа кітабының тұсаукесері өтті

## ЕЛБАСЫНЫҢ ЖАҢА КІТАБЫ ОҚЫРМАНҒА ЖОЛ ТАРТТЫ

2 шілде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «XXI ғасырдағы орнықты дамудың жаһандық энергэкологиялық стратегиясы» («Глобальная энергэкологическая стратегия устойчивого развития в XXI веке») атты жаңа кітабының тұсаукесер рәсімі өтті.

Н. Назарбаевтың кітабында қазіргі заманғы жаһандану үдерісіндегі энергэкологиялық мәселелерді шешу жолдары қарастырылған.

Басылымның алғы сөзінде «Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың кітабы оның бұған дейінгі жарық көрген «Жаһандық қоғамдастықты түбегейлі жаңартудың стратегиясы және өркениетті әріптестік» атты еңбегіндегі дүниежүзі мен ЕурАзЭҚ елдерінің жаһандық энергетикалық және экологиялық қауіпсіздігін дамыту мәселелерін теориялық әрі методологиялық зерттеу циклінің қорытындысы болып табылады» деп жазылған.

Кітаптың кіріспесінде «Қазір әлем дүниежүзілік энергетикалық қауіпсіздікке төнген жаңа қауіппен бетпе-бет келіп отыр. Алдағы уақытта әлемді тығырыққа тірейтін жаңа оқиғаларды туындатуы мүмкін шикізат қоры үшін күрес күшейе түседі», - деген Н. Назарбаев, - «Тек энергияны теңгерімді пайдаланудың бірлескен жолын даярлағанда ғана әлемдік қауымдастық жаһандық экологиялық қауіпсіздік негізін құра алады» дегенді баса айтады.

(Жалғасы 3-бетте)

## АСҚАҚТА АЛАШТЫҢ АСТАНАСЫ!



Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы қарсаңында Астана қаласы мүшел жасқа толып отыр. Экономикалық, экологиялық, географиялық мақсаты өте биік астана мәртебесін Алматыдан Астанаға көшіру идеясын Н.Ә. Назарбаевтың 1992 жылдан бастап көтергені белгілі. Содан барып Жоғарғы кеңестің Елорданы көшіру туралы шешімі шығып, бұл күн елдің аса маңызды оқиғалары хронологиясында 1994 жылғы 6 шілде болып айшықталды. Ал 1998 жылы ЮНЕСКО шешімі бойынша Қазақстанның астанасына «Әлем қаласы» жоғары атағының берілуі оның халықаралық қауымдастықтағы орнын одан әрі бедерлей түскен еді.

Бүгінгі күні Астана – қазіргі заманның саяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени мәселелері бойынша түрлі кездесулер өткізілетін, көптеген шетелдік инвестициялар тартылған, сәулет өнерінің біртуар туындылары бой көтерген және ең бағалы идеялар өмірге енетін еуразиялық кеңістіктің орталығы болып саналады.

Астана қаласында 6 шілде күні Қала күнін атап өту дәстүрі осыдан үш жыл бұрын қолға алынды. Сол уақыт, Астананың 10 жылдық мерейтойы қарсаңында ҚР Парламенті «ҚР Мерекелер туралы»

заңына толықтырулар енгізу жөніндегі заң жобасын мақұлдап, оған мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев қол қойды. Сөйтіп, «Астана күні» жаңа мемлекеттік мереке болып республикалық деңгейде аталып өтетін болды.

Қазіргі кезде Астана – еліміздің символы, әлемге танытатын ұлттық мақтанышымыз, ірі мәдени орталық. Астанада мәдени мекемелер жыл өткен сайын көбейіп, ұлттық рухани құндылық тұрғысынан да кеңінен дамып келеді.

Биыл қала күні мерекесі 4 шілдеден баста-

лып, салтанатты тойлау 3 күнге ұласты. Астана күнін атап өтуде жасалынған бағдарламалар тізімін тізбектеп шығу мүмкін емес. Ал өз кезегінде республикамыздың түкпір-түкпірінде небәрі 13 жылдың ішінде әлемге танылып, түрлі мемлекеттік маңызды стратегиялық идеялардың туындап, жасампаздықпен жүзеге асуына мұрындық болған Елорданың туған күніне ұлан-асыр той тойланып жатыр. Бұл Қазақстан азаматтарының өз сүйікті астаналарына деген зор құрметі.

Әлемдік сарапшылардың Астанаға «Орталық Азиялық феномен» деп баға беруі Елорданың түрлі әлемдік шешімдер қабылданатын басқосулар алаңы ғана емес, оның экономикалық әрі саяси тұрғыдан дүниежүзілік мерейін де көрсетсе керек. Сондықтан тек, «Асқақтай бер, Алаштың Астанасы!» деген тілек айтамыз.

Еңлік АҚЖІПТ

ҚАБІЛЕТТІЛІК

РЕКТОРАТ

## СТУДЕНТТІК ҚҰРЫЛЫС ЖАСАҚТАРЫНЫҢ КҮНДЕРІ ҚЫЗЫҚТЫ ӨТУДЕ

«ҚазҰУ-дың қалашығы, Көзінің қарашығы!» - деп талай ақын жүрек тебіреніп жырға қосқандай, ҚазҰУ қалашығы жайнаған тартымды табиғаты, жанға қуат беретіндей тап-таза мөлдір тұнық ауасы, жап-жасыл бархытпен көмкеріп қойғандай көз тартар бағы бар ерекше мекен. Ал дәл осындай көңілді аулаған көріктілікке, жаныңды баураған жылылыққа, ұмытылмас әсер беретін әсемділікке, тынысыңды ашқан тазалыққа СҚЖ (студенттік құрылыс жасағы) жауынгерлерінің қосып келе жатқан үлесі зор.

Ең алғаш сонау 1963 жылы жұмысын бастаған студенттік құрылыс жасақтары жарты ғасырға жуық уақыт бойы Алматы қаласының абаттануына айтарлықтай атсалысып, табандылығымен татымды іс тындырып, еңбектің арқасында маңдайдан мардымды тер төгіп келеді.

(Жалғасы 4-бетте)



## НА ЗАСЕДАНИИ РЕКТОРАТА БЫЛИ ПРЕДСТАВЛЕНЫ ПЛАНЫ МЕРОПРИЯТИЙ ПО РАЗВИТИЮ КАЗНУ

4 июля на заседании ректората проректорами вуза были представлены планы мероприятий по реализации на правлений развития Казахского национального университета им. аль-Фараби.

В своем выступлении первый проректор Мухамбеткали Буркитбаев подробно остановился на вопросах продвижения университета в мировых рейтинговых агентствах вузов. Он подчеркнул, что целью реализации этой задачи является повышение академической узнаваемости КазНУ в международном образовательном пространстве. Реальным показателем должно быть включение в рейтинг QS (450-500) и Webometric (5000).

(Продолжение на 2 стр.)

# АКАДЕМИЧЕСКИЙ ОБМЕН - ХОРОШИЙ СТАРТ ДЛЯ СОТРУДНИЧЕСТВА

Ректор КазНУ, академик Галым Мутанов встретился с делегацией Национального университета Мокпо (Республика Корея) во главе с президентом - Ко Сеок Кью. В ходе встречи стороны обсудили вопросы научно-образовательной сферы и подписали Соглашение об академическом обмене и сотрудничестве.

Ректор КазНУ Г. Мутанов, приветствуя делегацию, в составе которой были ученые университета и представители дипломатической миссии Республики Корея в Алматы, поделился достижениями и перспективами развития КазНУ. В частности, он сообщил, что в связи с трансформацией вуза в научно-исследовательский университет реализуется программа академического обмена с ведущими университетами мира. «Министерством образования и науки РК выделяются финансовые средства для приглашения известных зарубежных ученых для преподавания и реализации совместных исследовательских проектов», - сообщил Г. Мутанов.



«Мы готовы рассмотреть ваши предложения, приезд ваших специалистов для обсуждения проектов и их дальнейшей реализации стал бы хорошим стартом для сотрудничества», - подчеркнул он.

По мнению ректора, есть несколько направлений, по которым между национальными университетами двух стран может развиваться эффективное и взаимовыгодное сотрудничество. Одно из них - это технические специальности,

наукоемкие технологии, сфера инжиниринга. «Большой интерес для нас представляют исследования в сфере возобновляемых источников энергии», - заметил он. Второе, не менее важное направление - это совместные программы по магистратуре и докторантуре, обмену студентами.

По мнению президента Национального университета Мокпо Ко Сеок Кью, примечательно, что налаживание сотрудничества происходит в

рамках Года Кореи в Казахстане. «Мы представляем государственный Национальный университет, наш статус и миссия схожи - мы работаем на благо наших стран. Между нашими государствами сложились дружеские отношения, я убежден, что эта встреча принесет реальный результат», - сказал президент университета Мокпо.

Ко Сеок Кью сообщил, что в университете ежегодно реализуется бесплатная языковая программа, в рамках которой из зарубежных вузов приглашаются студенты, преподаватели. «Очередной двухнедельный курс пройдет в августе, и если вы направите своих студентов, это будет хорошим началом нашего сотрудничества», - заметил он.

На встрече также обсуждались перспективы сотрудничества в сфере научно-технической оснащенности образовательного процесса, обмена магистрантами по техническим специальностям, в области энергетики и других направлениях.

Ирина ПИЛЬГУК

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!!!

## Сағымбай Қозыбаев - Президент Сыйлығының иегері



Қазақстан журналистерінің төл мерекесіне байланысты Ақордада тәуелсіздігіміздің 20 жылдығына орай ұйымдастырылған мерекелік шарада журналистика саласы бойынша еліміздің бірқатар журналистері ҚР Президентінің сыйлығы мен гранттарына ие болды. Осы марапаттау рәсімінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультеті, журналистика тарихы кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан журналистикасы академиясының президенті Сағымбай Қабашұлы Қозыбаев ҚР Президенті сыйлығына ие болды. Президент сыйлығын мемлекеттік хатшы Қанат Саудабаев арнайы табыс етті.

Белгілі ғалым, профессор, публицист-журналист Сағымбай Қозыбаевты ҚазҰУ-дың оқытушы-профессорлар құрамы атынан «Қазақ университеті» газетінің ұжымы құттықтайды. Марапат иесіне шығармашылық табыс, еңбегіне жеміс тілейміз!

НОВОСТИ

РЕКТОРАТ

В Казахском национальном университете им. аль-Фараби на факультете «География и природопользование» открыта новая международная междисциплинарная кафедра - «Энергоэкологии».



## В КазНУ открыта новая международная кафедра - «Энергоэкологии»

Трансформация КазНУ из классического вуза в исследовательский университет затронула практически все структурные подразделения КазНУ. Формирование структуры факультетов и кафедр осуществлено на основе кластерного подхода. Кафедра «Энергоэкологии» будет базироваться на факультете «География и природопользование» (ранее «Географический») и примет первых слушателей в новом учебном году.

По мнению ректора университета, академик Галыма Мутанова, решение энергоэкологических проблем носит безотлагательный характер и требует решительных действий. Пути решения энергоэкологической безопасности в условиях современных процессов глобализации предложены в новой книге Президента РК Нурсултана Назарбаева «Глобальная энергоэкологическая стратегия устойчивого развития в XXI веке», презентация которой прошла в КазНУ. И создание кафедр «Энергоэкологии» - это один из практических шагов

не только в изучении различных вопросов в данной сфере, но и

в подготовке высококвалифицированных кадров - экологов, с привлечением специалистов международного уровня, - отметил ректор.

В деятельности новой кафедры будут принимать участие не только казахстанские ученые, но и их российские коллеги. Научным руководителем кафедры выступит профессор Российской академии народного хозяйства и государственной службы при Президенте РФ, Директор института стратегических проблем ЕвразЭС, вице-президент Российской академии естественных наук Анатолий Спицын, которому присвоено звание почетного профессора КазНУ им. аль-Фараби.

«Цель создаваемой новой кафедры - это объединение усилий научных школ, занимающихся проблемами устойчивого развития», - пояснил декан факультета «География и природопользование», профессор Виталий Сальников. Преподаватели кафедры будут осуществлять подготовку специалистов-экологов по трехуровневой системе - бакалавриат, магистратура и докторантура.

## НА ЗАСЕДАНИИ РЕКТОРАТА БЫЛИ ПРЕДСТАВЛЕНЫ ПЛАНЫ МЕРОПРИЯТИЙ ПО РАЗВИТИЮ КАЗНУ

(Начало на 1 стр.)

М. Буркитбаев сообщил, что наметен ряд мероприятий, которые будут способствовать продвижению университета в глобальном научно-образовательном пространстве. Например, проведение и организация анкетирования выдающихся выпускников КазНУ, размещение информации о вузе во внешней информационной сети, участие в международных выставках по проблемам высшего образования, проведение презентаций КазНУ в составе экспозиции Казахстана на Нью-Йоркском форуме (ноябрь 2011 г.), развитие совместных международных программ обучения на основе достижений информационно-коммуникационных технологий. При этом определены конкретные сроки, назначены исполнители.

Важной составляющей при трансформации в исследовательский университет должно стать управление, «ориентированное на результат», которое основывается на принципах демократизации, децентрализации и государственно-общественного партнерства, сообщил М. Буркитбаев. Реформи-

рование затронет практически все структурные подразделения университета. Формирование структуры факультетов осуществляется на основе кластерного подхода, они расширили свои научные и образовательные границы, стали привлекательнее для абитуриентов. В процессе модернизации проведено укрупнение кафедр с 99 до 57, соответственно повышается статус заведующих кафедрами. Через месяц будет проведен в установленном порядке конкурс на должности заведующих кафедрами, в котором может принять участие любой желающий, отвечающий квалификационным требованиям. Планом мероприятий также предполагается совершенствование действующей системы рейтинговой оценки деятельности профессорско-преподавательского состава.

Проректор по научной и инновационной работе Тлеккабыл Рамазанов представил на заседании ректората план мероприятий по развитию научной и инновационной деятельности университета. В выступлении проректор в частности отметил о необходимости проведения целенаправленной работы по увеличению роста индикативных показателей соответствия исследова-

тельскому университету в части научно-инновационной составляющей структурных подразделений университета; создании эффективной инновационной структуры трансфера технологий, сопровождения и коммерциализации инновационных проектов; разработке Положения о профессоре-исследователе, а также внесении предложения о порядке введения этой должности в штатное расписание.

Кроме того, на заседании Ученого совета прозвучали выступления проректора по учебной части Гульнар Балакаевой - о Плана мероприятий по учебно-методическому направлению деятельности университета, проректора по социальному развитию Шолпан Джаманбалаевой - по планируемым мероприятиям в сфере социального развития вуза.

Директор Департамента производства Мурат Нургазин представил План основных мероприятий по развитию инфраструктуры университета, ознакомил с планом передислокации факультетов, связанным с реконструкцией зданий учебных корпусов.

Пресс-служба КазНУ

ӘРІПТЕСТІК

## ІРІ ХОЛДИНГ ҚазҰУ-дың СЕРІКТЕСІ

ҚазҰУ мен «Парасат» ұлттық ғылыми-техникалық холдингі және физика-техникалық институт арасында ғылым саласындағы әріптестікті нығайту келісімшартына қол қойылды

2 шілде күні ҚазҰУ ректоры Ғалымқайыр Мұтанов АҚ «Парасат» ұлттық ғылыми-техникалық холдингі және физико-техникалық институт өкілдерімен кездесті. Кездесу барысында алдағы уақытта бірлесе жасалатын жұмыс бағыттары талқыланып, ғылым мен жоғары білім саласындағы әріптестікті нығайту келісімшартына қол қойылды.

Келісімшарттың мақсаты бірлескен ғылыми зерттеулер және өңдеу жасау, ғылыми-техникалық өнімді іске асыру, ғылыми-өндірістер, білім беретін ғылыми-педагогикалық, инженерлік-техникалық кадрларды әзірлеу және мамандардың кәсіби біліктілік деңгейін жоғарылату болып табылады.

ҚазҰУ ректоры Ғалымқайыр Мұтановтың пікірінше, мұндай келісім энергия және ғарыштық сәулелердің энергиясының қайнар көздерін, материалтану, ғылым және нанотехнология, криогенді технологиялар, физиканың ба-

сым бағыттары бойынша қызметті іске қосуға мүмкіндік береді. «Бұл университеттік факультеттер бойынша құрылатын кластерлердің мамандандырылған ғылыми зерттеу жұмыстарын жасауға мүмкіндік береді», - деді ректор.

Осы келісім бірлескен қызмет шеңберінде инновациялық инфрақұрылым жасауға позитивті ықпал етіп, өндірістік салаға инновациялық жобалар және технологияларды тиімді енгізумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі

# СТУДЕНТЫ О КАЧЕСТВЕ ОБРАЗОВАНИЯ – ПЯТЕРКА С МИНУСОМ ИЛИ ЧЕТВЕРКА С ПЛЮСОМ...

СОЦИСЛЕДОВАНИЕ

В условиях развития современной экономики качество знаний, получаемых в вузах, становится не только внутренним критерием оценки образования, но и важнейшим фактором развития экономики, наличия или отсутствия в ней будущего инновационного потенциала. Для отдельного взятого студента – это также не менее важно, поскольку несоответствие получаемых знаний новейшим профессиональным требованиям, делает выпускника неконкурентным на рынке труда, по сути, безработным. В лучшем случае он может найти низко квалифицированную работу не по специальности. Какова же цена таких знаний?

дентов по данному вопросу можно дифференцировать: «полностью соответствует» – так считает 1/3 опрошенных; «соответствует лишь по основным показателям» – более 40%; лишь «частично соответствует» – около 2%.

Оценивая уровень профессионализма преподавателей, студенты различных специальностей дали достаточно высокий показатель, в частности «высоким» его назвали – 50,9% респондентов, «средним» – 34,8% студентов. Суммарный низкий показатель по исследуемому вопросу составил 8,7%, в том числе лишь 1,4% студентов выбрали наиболее критичный вариант ответа – «уровень

различных подразделений университета показало наличие двух тенденций. Наибольший частотный результат – 35,3% – показывает, что студенты многих факультетов и специальностей активно привлекаются к научной работе в течение всего периода обучения. Практически столько же студентов (31,7%) отметили, что существует возможность участия в научных исследованиях, которая на практике зависит лишь от желания самих студентов и их серьезного отношения к получению образования.

Обобщенная оценка уровня подготовки студентов по различным специальностям показывает, что в целом респонденты оценивают свой образовательный уровень в основном как «высокий» – 32,5% и «выше среднего» – 31,7%.

Кроме того, по итогам исследования было проведено ранжирование проблем студенческой молодежи, связанных, прежде всего, с учебной деятельностью. На первую позицию можно поставить варианты ответов, отмеченные в более чем 1/3 обработанных анкет: это недостаточная мотивация к учебной деятельности – 38,8%, низкая культура и дисциплинированность – 37,9%, общезитие и иные бытовые проблемы – 30,1%. Далее по убыванию следуют низкий уровень компьютеризации и неуклоплектованность библиотечных фондов – 23,9%, недостаточная востребованность выпускников на рынке труда – 22,3%, воспитательная работа в группе, на факультете – 16,1% опрошенных.

В целом, по данным Г. Абдираимовой, наблюдается положительная динамика в восприятии инновационных процессов в сфере образования. Согласно опросу, осуществляется процесс формирования профессиональных требований, предъявляемых к подготавливаемому специалисту, соответствующий культурным и нравственным нормам, принятым в цивилизованном обществе, университет активно включен в международные процессы (академическая мобильность, установление международных контактов, расширение связей), что позитивно влияет на уровень качества образования.

Ирина ПИЛЬГУК

профессионализма преподавателей низкий».

Отвечая на вопрос: «Что, на Ваш взгляд, оказывает первостепенное влияние на качество получаемого Вами образования?», студенты выделили три важнейших фактора – это отношение студентов к учебе – 45,7%, уровень профессионализма ППС – 40,5%, материально-техническое обеспечение – 40,1%.

Распределение ответов респондентов на вопрос о потенциальной возможности участия в научно-исследовательской деятельности



Довольны ли студенты Казахского национального университета им. аль-Фараби уровнем получаемых знаний, качеством преподавания? Чтобы ответить на этот и многие другие вопросы, касающиеся качества образовательного процесса, Центром социологических исследований и социального инжиниринга КазНУ им. аль-Фараби было проведено социальное исследование «Преподаватель и студент КазНУ: ключевые тренды, достигнутые основания и вызовы роста». В опросе участвовало 580 студентов с 13 факультетов вуза.

В исследовании ставились вопросы, касающиеся качества образования и основных факторов, влияющих на него, соответствует ли уровень преподавания профессиональным требованиям, предъявляемым рынком труда, удовлетворены ли студенты деятельностью ППС и т.д.

По мнению руководителя исследования Гульмиры Абдираимовой, при опросе студентов по поводу удовлетворенности получаемыми знаниями полученный суммарный результат можно считать достаточно высоким – 77,5%. Из них полностью удовлетворено около половины опрошенных – 43,1%.

Более 70% опрошенных студентов считает, что уровень получаемых ими знаний в целом соответствует профессиональным требованиям, предъявляемым современным рынком труда. Однако мнение респон-



## ЕЛБАСЫНЫҢ ЖАҢА КІТАБЫ ОҚЫРМАНҒА ЖОЛ ТАРТТЫ

(Басы 1-бетте)

Қазақстан Президенті монографиядағы айтылған идеялармен таныстыра отырып «Бұл кітапта жаңа энергетика ұйымы мен экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің «экономика – энергетика – экология» тепе-теңдігіндегі сәйкессіздікті төмендету мүмкіндігі көрсетілген. Осыған орай, Қазақстан және ЕурАзЭҚ-тың өзге елдері: «бұл сценарийдің жүзеге асуын көрсете алады», – дейді.

Кітаптың тұсаукесеріне ҚР Білім және ғылым вице-министрі Мұрат Орынханов, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ректоры Ғалымқайыр Мұтанов, Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының вице-президенті, «Парасат» ұлттық ғылыми-техникалық холдингі АҚ басқарма төрағасы Нұралы Бектұрғанов, қоғам қайраткерлері, ЖОО мен шығармашылық және ғылыми зиялы қауым өкілдері қатысты.

Білім және ғылым министрі Бақытжан Жұмағұловтың бұл басқосуға қатысушыларға жолдаған құттықтау хатын вице-министр Мұрат Орынханов оқып берді. «Мемлекет басшысының бұл үздік еңбегі әлемнің энергетикалық және экологиялық қауіпсіз дамуына қатысты көкейкесті проблемаларды теориялық және методологиялық, яғни әдістемелік зерттеулерінің циклін, кезеңін аяқтап отыр» деп көрсетілген.

Сонымен қатар шараға ресейлік ғалымдар – Ресей жаратылыстану ғылымдары академиясының президенті Олег Кузнецов, ЕурАзЭҚ интеграциялық мәселелері стратегиялық зерттеу Институтының директоры, РЖҒА академигі Анатолий Спицын, РЖҒА академигі Николай Гаранкин қатысты.

Жаңа туындының тұсаукесерінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов: «Өркениет өркендеп, одан әрі дамыған сайын энергоэкологиялық қауіпсіздік мәселесі алғы шепке шығып отыр. Өзінің жаңа еңбегінде Қазақстан Президенті бұрынғы идеялардың дамуына жаңа тұжырымдамалы тәсілдерді, яғни күрделіліктердің шешімін табуың тиімді жолын ұсынады», – деп атап айтты.

Ресей Ғылым академиясының профессоры, ЕурАзЭҚ интеграциялық проблемаларды стратегиялық зерттеулер институтының директоры Анатолий Спицын өз тұжырымдамасында: «Нұрсұлтан Әбішұлының әлемдік деңгейдегі мемлекеттік қайраткер және ірі ғалым екендігін оның бүгінгі күні тұсаукесері өткен жаңа құнды еңбегі де толықтай дәлелдейді. Жаңа ғылыми еңбек авторының ауқымды энергоэкологиялық стратегияны жүзеге асырудың және оны қалыптастырудың негізгі әрі түйінді проблемаларын айқындауы құптарлық. Сондай-ақ, ол әлемде жердің энергетикалық ресурстарын тек дамыған елдер ғана пайдаланып қоймайтындай тәртіптің болуына да үндейді. Әрине, дамушы елдер де осындай мүмкіндікке ие болса, нұр үстіне нұр болар еді, – дейді Анатолий Спицын.

Еңлік АҚЖІПТ



ПРИСЯГА

# НА ВЕРНОСТЬ ОТЕЧЕСТВУ!

В минувшее воскресенье 200 студентов Казахского национального университета им. аль-Фараби, прошедших полный курс военной подготовки на военной кафедре, приняли военную присягу.

В торжественной церемонии приняли участие заместитель председателя Комитета начальников штабов МО РК, генерал-майор Окас Саппаров, генерал-майор, ветеран ВС Анатолий Старыш, начальник штаба Военного института радиоэлектроники и связи МО РК, полковник Курпеш Кибатаев, член Ассамблеи народа Казахстана, ветеран ВС, полковник Казбек Мамсуров, заслуженный деятель РК, член-корреспондент Академии военных наук РФ, профессор, преподаватель военной кафедры КазНУ полковник Пернехан Ермекебаев, руководство университета, ветераны Великой Отечественной войны, Вооруженных Сил, родители студентов и представители общественности.

Перед началом торжественного ритуала начальник военной кафедры вуза, полковник Олег Степаненко в своем выступлении отметил важность этого события в жизни каждого курсанта и подчеркнул, что «это событие проходит в год 20-летия Независимости Республики Казахстан».



От имени руководства университета студентов, принявших военную присягу, сердечно поздравил первый проректор университета, профессор Мухамбеткали Буркитбаев.

Курсанты, принявшие военную присягу, возложили цветы к памятнику аль-Фараби. Во время праздника для гостей была развернута выставка вооружения и техники военной кафедры КазНУ. Все желающие ознакомились с образцами стрелкового оружия и вооружения ПВО Сухопутных войск ВС РК. Кроме того, была

продемонстрирована экспозиция стенной печати военной кафедры: взводные боевые листки, фото- и стенгазеты.

В завершение мероприятия для курсантов, их родителей и гостей состоялся концерт солистов Центрального ансамбля Министерства обороны РК - Бахытбека Кайралапова, Гаухар Жапаровой, Асель Рыскулбековой, Кайыржана Бердибая. Также в концерте приняли участие студенты и преподаватели военной кафедры.

Ирина ПИЛЬГУК

ТАРИХ

## Тұран жолбарысы қайта оралды

ҚазҰУ-дың Биология мұражайының төріне тұран жолбарысының тұлыбы 50 жылдан кейін қайтадан оралды. Ол 1933 жылы Алматы облысының Қоғалы жерінен ауланған. Оның ғылыми атауы – Тұран жолбарысы – *Panthera tigris virgata Illiger, 1815*. Бұл экспонат қазірде университет үшін ғана емес барша еліміз үшін тың дүние болып тұр.

дерек ілуде бірен-саран болмаса, жоқтың қасы екенін айтады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 75 жылдық тарихы бар Биология мұражайы қорында 1933 жылы Алматы облысының Қоғалы жерінен ауланған жолбарыстың тұлыбы сақтаулы тұр. Ол емшек бездері суалмаған, ұрғашы жолбарыс, дене пішіні орташа және дене тұрқы 170, ал құйрығының ұзындығы 95 сантиметр. Денесінің түсі ашық, қызғылт-сарғыш және ұзында жіңішке қоңыр-қара жолақтары бар. Жүні жұқа, шамамен жаз айында ұсталған. Міне осы жолбарыс 50 жылдан кейін мұражайдың төріне қайта оралды. Ол 1940-1960 жылдар аралығында университеттің ескі ғимаратындағы мұражай залында болып, одан кейін 50 жылдай қор бөлімінде тұрған. Осы уақыт аралығында жолбарыс тұлыбы мұражайдың таксидермиялық шеберханасы қызметкерлерінің арқасында қазіргі күнге жетіп отыр. Көнергенмен тұран жолбарысының тұлыбы қазіргі күні ғылыми құндылығы жағынан өте жоғары бағаланады. Себебі жоғарыдағы аталған мемлекеттерде терісі мен бас сүйегі болуы мүмкін, бірақ толықтай дене тұрқының

тұлыбы сақталмаған. Бұған дейін жолбарыстың соңғы тұлыбы Ташкенттегі табиғат мұражайында болған. Бірақ 1960 жылдардың орта кезінде кенеттен болған өрт кезінде құнды дүние жанып кеткен. Сондықтан да біздің мұражайдағы тұран жолбарысының тұлыбы соңғы әрі жалғыз дана болып табылады. Яғни, бұл университеттің ғана емес, Қазақстанның мақтанышы.

2001 жылы осы аңның саны бар болғаны 50 болса, қазіргі кезде көбейіп, 117-ге жетті. Биылғы жылдың 25 наурызында ҚР премьер-министрі Кәрім Мәсімов Әлемдік табиғат қорғау қорының (WWF) ресейлік директоры Игорь Честинді қабылдап, оңтүстік Балқаш өңірінде қорық ұйымдастырып, тұран жолбарысын жерсіндіру арқылы санын көбейту мәселелерін талқылаған болатын. Бұл тұран жолбарысын көбейтуге деген мемлекеттік көзқарас туралы ақпарат береді. Ал оның өз кезегінде Қазақстан және Иран жерінде көбейтілуіне Иран менен Ресейдің де зор ықылас танытып отырғанын айта кетуіміз керек.

Қылышбай МҰСАБЕКОВ,  
ҚазҰУ Биология  
мұражайының директоры

## СТУДЕНТТІК ҚҰРЫЛЫС ЖАСАҚТАРЫНЫҢ КҮНДЕРІ ҚЫЗЫҚТЫ ӨТУДЕ

(Басы 1-бетте)

Әрине, жарты ғасырға жуық мерзімдегі межелі істерімен, қызығы мен шыжығына, шаттыққа толы шақтарының бәрін жарты беттік шағын мақалаға сыйдыра алмасамыз анық... 120 студенттен құралған топ биылғы оқу жылының қорытындысы бойынша маусым айының 1-нен бастап, жазғы маусымдық қызу жұмысқа құлшына кірісті. Студенттер саны бұрынғы жылдарға қарағанда аз болғанымен сападан салғырттық байқалмайды, керісінше ауыз толтырып айтарлықтай ауқымды істер атқарылып жатыр. Басшылық тарапынан көрсетіліп жатқан жеңілдік көмектерде (3 мезгіл тегін тамақ, жайлы жатақхана, айлық жалақы) жастарға қосымша күш-қайрат беріп, жігерлендіре түсуде.

«Біздің жастар бұл жерде тек ертеден кешке дейінгі еңбек күнін өткерумен ғана шектеліп жатқан жоқ. Түрлі думандарда, мемлекеттік мерекелер қарсаңында мәдени іс-шаралар ұйымдастырып отыру күнделікті жоспардан тыс қалмаған», - дейді журналистика факультетінің 1-курс студенті Хамиденов Асқар. Ия, Асқардың сөзіне айғақ ретінде осы маусым айының 4-ші жұлдызында Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздер күні мерекесіне орай жаңадан ашылған жастардың демалуы үшін арнайы салынған жазғы далалық сахнада думанды кеш болып өтті. Мақсаты ертең елдің туын ұстар азаматтардың бойына патриоттық сезімін ұялатып, санасында ерлік рухын жаңғыртып, еңбектің жетегімен елдікке жетер жолға бағыт нұсқау болған бұл кештің барысында студенттер үш топқа бөлініп, сайыстың сан түрінен бар білгендерін ортаға салды. Өздерін әнмен де, сөзбен де, сахналық қойылым түрімен де таныстырып, рәміздер жайында тың де-

ректерден танымдық ақпараттар беріп, ән айтып, күй тартып көрермендеріне керемет көңіл күй сыйлай білді.

Кеш соңы көңілді би кешіне ұласып, жастар бір жасап, бойлары сергіп қалды.

Уақыт шіркін зымырап өтіп жатыр. Және қалай? Өте қызықты. Ауыр жұмысжанына батып ауылын сағынғандардан гөрі, біріне-бірі бауыр басып келе жатқандардың саны көп. Жұмыстан тыс арнайы уақыттарда демалыс күндері мәдени орындарға барып уақытты топ болып жақсылап өткізіп қайтуда жастарды жақындатып, етене араласуға өз септігін тигізуде. Біз аз күн бұрын Ғабит Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театрына барып тынығып қайтық. Алғашында Софы Сматаев ағамыздың «Көгілдір такси» мелодрамасын көріп, мың қы бойы естен шықпайтындай әсер алып, әртістер шеберлігіне еріксіз қол соқсақ, күн өтпей жатып «Күшік күйеу» комедиясын көріп, күлкіге қарық болдық. Сондай-ақ классикалық мәдениет үлгісіне аса қызығушылық танытқан СҚЖ мүшелері тағы да аталған театр ұжымының орындауындағы «Сүйе білсең», «Махаббат пен ғадауат» қойылымдарына барды. Осы СҚЖ құрамында жүріп, театр табалдырығын тұңғыш рет аттап, енді қойылым болса жібермей келіп тұруды жоспарлап жатқан студенттер де болды. Бұл да болса жастарды өнерді түсінуге ынтықтыра білген білгір басшымыздың тапқырлығы екі шүбәсіз. Осындай қызыққа толы күндер өтіп жатыр, өтіп жатыр, тек енді қайтып келмейтіні ғана қынжылтады. Жұмыс барысында болып жатқан қызықты шақтар бір кітап жазып шығарлықтай болып қалды.

Аманкелді СЕЙТХАН,  
журналистика  
факультетінің  
1-курс студенті



Тұран жолбарысы – Қазақстан аумағында Сырдария, Сарысу, Талас, Шу, Іле өзендері мен соларға жақын орналасқан көлдердің және Арал теңізі мен Балқаш көлінің маңындағы қалың қамыс қопаларда мекендеген. Ғалым А.В.Бирюковтың (1987) зерттеу жұмыстарының мәліметтері бойынша, Орта Азия мен Қазақстанда ауланған жолбарыстың саны 1847-1954 жылдар аралығында 192 дананы құраған, яғни жылына 1,8 жолбарыс ауланып отырған. Ал «Семиреченский областной статистический ежегодник» мәліметтері бойынша, 1882-1904 жылдар аралығында Балқаш пен Шу өзенінің орта ағысының аңғарынан 51 жолбарыс ұсталған. Осы кішкентай аумақтан жылына 2,3 жолбарыс ауланып отырған, яғни бұл аңның саны осы өңірлерде айтарлықтай жеткілікті болғанын дәлелдейді. Сырдария өзенінің бойында соңғы жолбарысты 1948 жылы Тереңөзек елді мекенінің маңынан көрген. Қазақстандағы жолбарысты ғылыми түрде алғаш рет зерттеген, Кеңес одағына белгілі ғалым, профессор Аркадий Слудскийдің еңбектерінде жолбарыстың өз бетінше елге, малға, болмаса адамға шапты деген



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби  
атындағы  
Қазақ ұлттық  
университетінің  
ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Дәрмен СМАЙЫЛ  
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА  
Редакторлар – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА,  
Еңлік АҚЖІГТ  
Талғат АХМЕТҚАЗЫ  
Алмат МҰХАМЕТЖАНОВ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71,  
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны:  
377-33-30, ішкі: 11-94,  
тікелей: 377-35-20.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.  
"Бизнес Информ" баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.  
Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша.

Таралымы – 1000 дана.  
Индексі 65989.

Тапсырыс №10446

● Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

● Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

● «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.